

Текелі қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 14-74 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 28 ақпанда № 166-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 41-170 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 30.12.2025 № 41-170 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Текелі қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4% (төрт пайыздан) 2% (екі пайызға) дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Текелі қалалық мәслихатының төрағасы

Б. Тугулбаев